

УДК 902.2

**САҚТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫНАН (ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ЕСКЕРТКІШТЕР НЕГІЗІНДЕ)**

Кенжебаева Еркекан
ae.11.ken@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҮУ, Археология және этнология мамандығының
1-ші курс магистранты

Шығыс Қазақстан ерте темір дәуірін зерттеудің түйткілді мәселелерін, өткен тарихымыздың актаңдақ тұстарын ғалымдар ашу үстінде. Кешенді зерттеулердің қорытындылары бойынша хронологиялық тарих, жазбалар арқылы, археологиялық қазба жұмыстарының қорытындысы сонымен қатар салыстыра зерттеу этнографиялық және лингвистикалық зерттеулер арқылы, солардың ішінде антропологиялық ерекшеліктеріне байланысты жүргізілген зерттеулерге негізделе атаптың тақырыптың кең ауқымдылығын таныстыра аламыз. Қазақ Алтайын мекен етушілерді ерте кезден белгілі «скифтер», «массагеттер», «исседондар» деген атпен көзіктіре аламыз. Алайда, олардың этникалық кескін келбеті мәселесіне келген тұста зерттеушілердің арасында бірізді тұжырымға негізделген ортақ шешімнің болмауы әлі де болса зерттеудің аздығын айтып тұрғандай. Тәуелсіз Қазақстанның археологиясына жарқын жаңалықтарының бір легі Шығыс Қазақстан жеріне тиесілі екендігі анық. Бұған байланысты, Шығыс Қазақстан жерін мекен еткен ерте

көшпелілердің этникалық кескін келбетіне қатысты зерттеулердің жаңашылдығы, кейінгі ашылған ескерткіштер негізінде әдістемелік тұжырымдар қажет екені сөзсіз.

Зерттеуге негіз болып отырған терриорияда өмір сүрген ерте көшпелілердің этникалық сипатын дөп басып, бір ізді шешім айту қын. Себебі, ғалымдар арасында аталмыш мәселенің түпкілікті шешілген нақты ортақ жауабы жоқ. Қазақ Алтайы мен оған іргелес жатқан Таулы Алтай аймағының тарихи – мәдени қалыптасқан бірізді этногенез мәселесін қарастырган ғалымдардың ортақ шешімі болмады. Зейнолла Самашев Берел ареалындағы ерте темір дәуір ескерткіштерінің тобы б.з.б. VI ғасырдан бастап – III ғасырдың соңымен кезеңделетін Пазырық мәдениетіне тән деп тұжырымдайды. Алтай жерінде Пазырықтың мәдениеттің келуін Л.С. Марсадоловтың еңбектерінен қарастырсақ, онда Алтай жеріне Алдыңғы Азиядан келген кимерлік тайпалардың енуі шамамен (б.з.б. VI – V) деп тұжырымдаса, біраз ғалымдар үл тұжырымының дәлдігін жоққа шығарғаны да рас. В.И. Молодин зерттеулеріне келетін болсақ Таулы Алтай терриориясының Укок жазығында табылған ескерткіштерге сүйене пазырық мәдениетінің бастауы қола дәуірінен басталып кейіннен б.з.б. II ғасырмен жуықтап кезеңделетін уақытпен мерзімдеді. Үл ғалым Сібір және Алтай мәдениеттерінің этногенезін зерттей келе Алтай жерінің автохтонды тайпалары Орталық Қазақстаннан келген бегазы – дәндібай мәдениеттерінің өкілдерімен біріге өртескифтік топтың құрды делінеді [1, 78 б].

1998 жылы Зейнолла Самашев пен Француз археологиялық комиссиясының біріккен экспедициясының қортындылары бойынша ерте көшпелілер тарихына қатысты, түпкілікті қазақ жерін мекен еткен халықтардың өмір – тіршілігінен сыр шертетін ғылымға бірегей мәліметтер қоры жинақталды. Берел жазығында орналасқан №11 обаның жерлеуқабірінен мәңгілік тоң қабатынан табылған егделеу әйел адам мен одан жасы кішілеу ер адамның мұрделері табылды. Зерттеушілердің пікірінше, генетикалық тұрғыдан жасы жеткен әйел адам мен бірге қоюлған ер адам арасында туыстық қатынастың болғандығы жайлы мәлімет келтірді. Берел қорымдарының элиталық ескерткіштерін зерттеген тұста туындастырылған ой, көшпелі мал шаруашылығына негізделген және әскери демократияның дәлелді айғақтарымен бірге тайпалық одақтың немесе жоғарғы саяси биліктің болғандығын дәлелдейтін патшалық обалар көршілес аймақтардан да кездесті. Демек, жекеленген патша топтарының болуы да мүмкін.[2]. Оған дәлел, Шілікті жерінен табылған Бәйгетөбе патша қорғандары, Таулы Алтай аумағына тиесілі Аржан қорымдарымен қатар Монғолия Алтайының Баян-Өлтөй жерлеріндегі ескерткіштер тобының қорытындылары дәлелдейді [3].

Сақ мәдениеттерінің пайда болуы жайлы белгілі археолог ғалым Кемел Ақышев Андронов мәдениетін тасуышылардан, яғни 2 жолдан тұратын өту деп жеткізді. Алғашқысы, орталықтағы тайпалардың солтүстікке баруы мен екіншісі, Андронов мәдениетінің шығыс бөлігі оңтүстік және оңтүстік – шығысқа жылжуымен байланыстырады. Олардың негізгі жылжу себебі көшпелі мал шаруашылығына негізделген қоғамның жаңа жайылымдық жерлерді игеру мақсатындағы жер ауыстыруы делінеді [4].

Андронов мәдениеті негізінде пайда болған бірақ терриориялық аумағына қатысты өзінің қасиетіне өзгешеліктер енгізген мәдениеттерді атап өтті. Олар: мәйемер, қарасұқ, тағарлық кейінгі пазырықтың, бегазы – дәндібай және замараев мәдениеттерінің ұқастықтарының болуын осымен түсіндірді. Яғни, тұбі бір Андронов мәдениетінің таралуы осы бағыт деп түсіндірді.

Көрсетілген пайымдауға қарсылық білдірген ресейлік ғалым, археолог Игорь Леонидович Кызласов болды. Ғалымның пікірінше сақ тайпаларының арғы тегі тікелей бегазы – дәндібай мәдениетінің жалғасы делінген. Оның пайымдауынша Орталық Қазақстандағы Бегазы – дәндібай мәдениеті келген мәдениет екендігі және тек шекаралас болғандықтан араласу нәтижесінде Андронов мәдениетінің аз компоненттерін өзіне сіңірді деді. Бегазы дәндібай мәдениеті Шығыс Қазақстан сактарының этникалық сипатына тікелей әсер еткендігі жөнінде атап кетті. Орталық Қазақстандағы Тасмола мәдениетінің өкілдері өздерінің ата – бабалары болып табылатын сактарды Жетісу мен Шығыс Қазақстан жеріне және одан ары қарай ығыстырды деп кетті [5, 70-71 б].

Ертесақ мәдениетінің пайда болуы мен таралу ареалына байланысты көптеген ғалымдардың пікірлері болды. Олардың қатарында: М.П. Грязнов., Марсадолов А.Д., Грачта қараған болатын. Шығыс Қазақстан ерте көшпелілерінің этникалық сипатын тұжырымдау үшін, бір – бірімен біte қайнасып біr уақытта параллель өmіr сүрген мәдениеттермен салыстырмалы қарастыру негізінде тұжырымдасақ: Пазырық мәдениетімен қатар синхронды өmіr сүрген Карақаба, және бұл мәдениетке ұқсас Шығыс Қазақстандағы Құлажорға мәдениетін де ескерген жөн. Берел қорымдарын зерттеу негізінде аталмыш мәдениеттің б.з.б. VII ғасыр – III ғасырлар аралығымен кезеңделетін «Пазырық» мәдени типіне жататын тәрізді. Еуразия далалық қеңістігінде өз іздерін қалдырып кеткен ерте теміr дәуірінің көшпелі тайпаларын зерттеген ғалымдардың арасында олардың этнотарихына келгенде ойлары біr ізден шықпағаны, ерте көшпелілердің мәдениетінің ашылмаған сырларының бар екенін аңғартады. Бұл мәселені зерттеген ғалымдардың біr тобын қарастыра кеткенді дұрыс деп есептедік. Шығыс Қазақстан жерін мекендеген ерте көшпелілердің және олармен шекаралас жатқан көрші тайпаларының арасындағы әлеуметтік – экономикалық құбылыстардың дәлелі болатындай артефактілер бүгінгі күнге жеткілікті. Бірақ та, сол көшпелілердің этномәдени байланыстарын зерттеу арқылы Қазақ Алтайын мекен еткен тайпалардың этникалық сипатын анықтауымыз қажет. Бұл мәселені қарастыру барысында, аталмыш ескерткіштердің заттық кешеніне ғана қарап тұжырым жасауымыз дәл жауапты бермесі анық. Сол себептен, археологиялық ескерткіштерден табылған артефактілердің терең зерттелгені Берел қорымдарының жан – жақты ақпараттылығын пайдаланамыз. Бүгінгі таңда «Сақтардың» этникалық келбеті жайлы сөз қозғалған тұста, бәрімізге мәлім грек – антика авторларының жазбаларына негізделген «аргиппей, исседон, аrimaspy» тайпаларына сайып келген тайпалар делінеді. Қарастырылып отырған мәселеге тек біr тұрғыдан салыстыра тұжырым жасау ғылымға мүлде жат дүние. Тарихи – хронологиялық шеңберде бұл тайпалар жайлы көршілес жатқан қытай жазбе деректерінде сақталған ақпараттарды қарастырып көрелік. Ерте көшпелі мәдениеттерді зерттеген ғалым, Руденко жазбаларынан ерте көшпелі тайпаларды юәчжи этномимімен байланыстырғаны белгілі. Ғылыми айналымда бұл пікірге екі жақты қараған ғалымдар болды. З.С. Самашев осы мәселенің тұп – төркініне қатысты ертеде жазылған қытай деректеріне сараптама жасады. Оның жазуынша: Тарих атасы Геродот жазбаларында «скиф» елінің солтүстік бөлігін мекен еткен аrimaspyлар мен «алтын қорыған грифтер» жерінде әрдайым аяу райы суық және көгінде құстардың қауырсыны ұшып жүреді делінгенді. Осыған ұқсас, Қытайдың б.з.б. V – III ғасырлар аралығында жазылып қалдырылған

«Таулар мен теңіздер жайында» атты аңыз – мифологиялық трактатында солтүстік жағында өmіr сүрген тайпалар жайлы қытай тілінен аударғанда (жалғыз көзділер) делінген екен. Бұған ұқсас грек ақыны Аристейдің «Arimaspia» жыры бойынша жылқы мен қойы көп, өздерінің шаштары тақырланған, соғыс техникасына бейім халықтар делінген. З. Самашевтің интерперетациясы бойынша, (Жалғыз көзділер) деген ерте теміr дәуірін мекен еткен тайпалардың әрдайым денеге нақыштауды пайдалануы немесе бетперде киоюне байланысты жалпылай аталған образды салыстырма сөz болуы мүмкін. Аналогиялық ескерткіштер Берелге жақын орналасқан, Таулы Алтай аймағына тиесілі Үкек қорғандарынан табылған артефактілер сайып келеді. Грек және қытай жазбаларындағы ерте көшпелілер жайындағы ортақ ойлардың болуы тек емес. Сонымен қатар жоғарыда келтірілген жыр – аңыздарда кездесетін географиялық аймақ атауларының біраз бөлігін қытай тілі ғалымдары қазіргі Қара Ертіс, Алтай мен Тарбағатай таулары және Зайсан көлі болуы мүмкін деп теңестіреді. Бұл мәселенің шешу жолдарында лингвистикалық тұрғысынан қарастырған қытай ғалымдары да белгілі болып отыр. Бұл тақырыпты алдағы уақыттырда тереңірек қарастыруымыз қажет. Заттай мәдениет тұрғысынан қарастыратын болсақ, Берел обаларының жәдігерлерімен Шыңжаң өлкесінен табылған заттық мәдени кешенін арасында ұқсастық бар екендігі анық. Пазырық мәдениетінің таралу ареалы Алтаймен қоса, Шыңжаң, Жетісу жеріне жеткендігі жайлы деректер де бар. Жетісүдің Құлжабасы деген петроглифттар кешенінен пазырық мәдениетіне тәn адамдардың бас киімдері мен Берел жазығынан

ашылған обалардағы қалқандарға ұқсас келетін қалқанмен қаруланған әскери жауынгерлердің образдары кездеседі. Осындай аналогиялық ұқастықтарды ескере, ерте темір дәуірінде мәдени тұрмысы бірдей халықтар Жетісу мен Алтай жерінде бір тарихи кезенде мекен еткені анық [2, 120-121 б].

Ерте темір дәуірінде Алтай жерін мекен еткен халықтардың этникалық сипатына ортақ бір ой түйетін болсақ, онда бірінші мифологиялық аңыздарға негізделген грек – қытай тілдеріндегі жазбаларға негізделе айтамыз да. Екінші ақпараттар толқыны ғылыми дәлелдерге негізделген Қытай империясының ресми жылнамалар жинағына сүйенеміз. Осы деректерге сүйеніп, Пазырық мәдениетін қалдырған Берелдіктердің арасында үнді – иран және түркі тілдес тайпалардың біршамасын біріктірген халық екендігі, бәлкім көне қытай жазбаларында кездесетін «юэчжи» бірлестігінің бірі болуы ықтимал деген болжамға тоқталамыз.

Қазіргі таңда, Берел жазығын мекен еткен халықтар мен осы ареалды мекен етіп отырған бүгінгі халықтар арасындағы генетикалық байланысты анықтау мақсатында молекулярлы – биологиялық зерттеу жүргізілді. Берел обаларының бүгінгі құнғе жақсы сақталған № 11 – ші жерлеу қабірінен екі адамның ДНК – сын алғып осы аймақта өмір сүріп отырған қазақ халқының генетикалық байланысы анықталды. Антропо – генетикалық зерттеулер нәтижесінде антропологиялық жағынан аралас типтің болғаны айтылды, бұнда жартылай монголоидтық және жартылай европоидтық нәсілге тән құрылымдар болды. Мәйемер – 2 жерлеу құрылымының қорытындысына қарайтын болсақ ертесақ уақытымен кезеңделген бұл жерде европоидтық белгі басым болғандығы аңғарылады [6, 338-339 б].

Біздің пікірімізше, европоидтық белгілердің басымдылығымен түсіндірілетін Андронов мәдениетінің сақ тайпаларының ата-бабалары деген тұжырым дұрыс болса керек.

Қорытындылай келгенде, қазақ жерін мекен еткен ерте көшпелілердің антропологиялық – этникалық сипаты мәселесіне қатысты бірізді зерттеулердің қорытындылары ашыла түссе, түбегейлі қазақ тарихын мындаған жылға тереңдетіп, дербес еліміздің тұғырын жерге нық қадар жебе тәрізді болары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Молодин В.П. Пазырыкская культура : проблемы этногенеза, этнической истории и исторических судеб // Археология, этнография и антропология Евразии (4). – Новосибирск, 2000. – С. 131 – 142.
2. Самашев З.С. Фаизов К.Ш., Базарбаева Г.А. Археологические памятники и полепочки Казахского Алтая. – Алматы. – 2001. – 108 с.: ил.
3. Самашев, З. Берел = Berel / Зейнолла Самашев; ҚР білім және ғылым м-гі, Ғылым ком., Ә. Х. Марғұлан атын. археология ин-ты.- Алматы: Таймас, 2011.- 236 б.: суретті. (Мәдени мұра).
4. Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. Алматы., -1963г.
5. Кызласов Л.Р. Уюкский курган Аржан и вопросы происхождения сакской культуры // СА-2. -1977. С.-71-77.
6. Людвикова Е., Дзисюк Н. Сравнительный анализ митохондриальной и геномной ДНК а образцах ископаемых останках могильника Берел и в трех современных популяциях казахов// Номады казахских степей : этносоциокультурные процессы и контакты в Евразии скифо – сакской эпохи. Сб.материалов международной научной конференции. – Астана, 2008. С.338-339б.